

Қытай Халық Республикасында шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау мен пайдалануға қолданылатын жіксіз болат құбырларға қатысты демпингке қарсы шаралар қолдану туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 101 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 107-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментінің баяндамасы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Осы демпингке қарсы шаралардың қолданылу мерзімін 5 жыл деп белгілей отырып, Қытай Халық Республикасынан шығарылатын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, ЕАЭО СЭҚ ТН 7304 22 000 1, 7304 22 000 2, 7304 22 000 9, 7304 23 000 1, 7304 23 000 2, 7304 23 000 9, 7304 24 000 1, 7304 22 000 1, 7304 24 000 2, 7304 24 000 3, 7304 24 000 4, 7304 24 000 5, 7304 24 000 6, 7304 24 000 9, 7304 29 100 1, 7304 29 100 2, 7304 29 100 3, 7304 29 100 9, 7304 29 300 1, 7304 29 300 2, 7304 29 300 3, 7304 29 300 4, 7304 29 300 9, 7304 29 900 1 және 7304 29 900 9 кодтарымен сыныпталатын, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау мен пайдалануға қолданылатын жіксіз болат құбырларға (№ 2 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша құбырлардың әртүрлілігін қоспағанда) қатысты № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерде демпингке қарсы баж енгізу арқылы демпингке қарсы шара қолданылсын.

2. № 3 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша өндірушілер қабылдаған баға міндеттемелері мақұлдансын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаменті: осы Шешімге № 3 қосымшада көзделген тізбеде көрсетілген уәкілетті қызметкерлердің қойылған қолдарының үлгілері мен өндірушілер мөрінің бедерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарына жіберсін;

осы Шешімде көзделген баға міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырсын;

осы Шешімге № 3 қосымшада көзделген тізбеде көрсетілген өндірушілер міндеттемелерін бұзған немесе кері қайтарып алған жағдайда, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтеріне тиісті хабарлама жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдары:

ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын, сондай-ақ тауар атауын басшылыққа ала отырып, осы Шешімде көзделген демпингке қарсы баж алуды қамтамасыз етсін;

№ 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті өндірушінің уәкілетті қызметкері қол қойған және осындай өндірушінің мөрімен расталған өндірушінің сертификаты ұсынылған жағдайда, осы Шешімге № 3 қосымшада көзделген тізбеде көрсетілген өндірушілер дайындаған осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген құбырларға қатысты осы Шешімде көзделген демпингке қарсы баж алмасын;

осы Шешімге № 3 қосымшада көзделген тізбеде көрсетілген өндірушілер дайындайтын және осы Шешімнің 3-тармағының төртінші абзацында көрсетілген хабарламада атауы аталған, осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген құбырларға қатысты осы Шешімде көзделген демпингке қарсы баж алуды Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтеріне осындай хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң қамтамасыз етсін.

5. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 101 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

Демпингке қарсы баж

МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ КӨЛЕМІ

Тауар атауы	Өндіруші	Демпингке қарсы баж мөлшерлемесінің көлемі (кедендік құнның пайызы)
Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және пайдалану үшін қолданылатын жіксіз болат құбырлар	Tianjin Pipe Manufacturing Co., Ltd. (No. 396, Jintang Road, Dongli District, Tianjin, China)	31,00
	Hengyang Valin Steel Tube Co., Ltd. (10 Dalixincun, Hengyang City, Hunan Province, China);	25,21
	Hengyang Valin MPM Co., Ltd. (10 Dalixincun, Hengyang City, Hunan Province, China)	
	Hunting Energy (Wuxi) Co. Ltd.	

	(Lot No. 48, Phase 5, Shuo Fang Industrial Park, New District, Jiangsu Province, 214142 Wuxi City, China)	12,23
	Shanghai Hilong Drill Pipe Co., Ltd (No. 1825-1, Luodong Road, Baoshan District, Shanghai, China); Nantong Hilong Steel Tube Co., Ltd. (Xinghong Town, Sanchang Town, Haimen City, Jiangsu Province, China); Shanghai Tube-Cote Petroleum Pipe Coating Co., Ltd. (No. 669 Jinle Road, Yuepu Industrial Zone, Baoshan District, Shanghai 200941, China) Shengli Oil Field Freet Petroleum Equipment Co., Ltd. (No. 203, Nanyi Road, Dongying District, Dongying City, Shandong Province, China); Shengli Oil Field Freet Petroleum Steel Pipe Co., Ltd. (Shengli Industrial Zone, Nan'er Road, Dong Ying City, Shandong Province, 257082, China); Jiangsu ChangBao Steel Tube Limited	12,30 23,18
	Co. (No. 558,	

	Yanling Dong Road, Changzhou City, Jiangsu Province, China); Jiangsu ChangBao Precision Steel Tube Co., Ltd. (Jinwu Road No. 88, Jintan, Jiangsu Province, China); Shandong Molong Petroleum Machinery Co., Ltd. (No. 999, WenSheng Street, Shouguang City, Shandong Province, China); DongyingWeima Petroleum Drilling Tools Co., Ltd. (East ofQuzhou Road, North of Fuqian Street, Economic Development Zone , Dongying City, Shandong Province , China); Tianjin Tiangang Special Petroleum Pipe Manufacture Co., Ltd. (Jinnan Development Zone (ShuangGang), Tianjin City, China); TianJinBinHaiTianCheng Drill Equipment Co., Ltd. (JinnanDevelopment	
	Zone (East Zone), Tianjin City, China); Dalipal Pipe Company (Gong Nong Road, Cangzhou City, Hebei Province, 061000, China); Anhui Tianda Oil Pipe Company Limited (Zhengxing Road, Tongcheng Town, Tianchang City, Anhui Province China); Pan Gang Group Chengdu Steel & Vanadium Co., Ltd. (TuanjieNanlu 268, Qingbaijiang District, Chengdu, Sichuan, China); Baoji Petroleum Steel Pipe Co., Ltd. (No. 1, Binhe Road, Baoji City, Shaanxi Province, China) өзгелері	31,00

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 101 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

Демпингке қарсы баж алуға жатпайтын құбырлардың алуан түрлілігі ТІЗБЕСІ

Specification for Rotary Drill Stem Elements (ANSI/API Specification 7-1) стандартының 10-тармағына сәйкес шығарылатын бұрғылау құбырлары 1-Толықтыру мен енгізілген өзгерістері ескерілген редакцияда (2007 жылғы наурыз).

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 101 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Баға міндеттемелері мақұлданған өндірушілер ТІЗБЕСІ

Өндіруші	Міндеттемелер ұсынылатын хаттардың Еуразиялық экономикалық комиссияда тіркелген күні мен нөмірі
1. Tianjin Pipe Manufacturing Co., Ltd. (No. 396, Jintang Road, Dongli District, Tianjin,	2015 ж. 15 маусым № ДЗВР-160конф/AD16
2. Hengyang Valin Steel Tube Co., Ltd. (10 Dalixincun, Hengyang City, Hunan Province, China)	2015 ж.10 маусым № ДЗВР-153конф/AD16
3. Hengyang Valin MPM Co., Ltd. (10 Dalixincun, Hengyang City, Hunan Province,	2015 ж.10 маусым № ДЗВР-153конф/AD16
4. Hunting Energy (Wuxi) Co. Ltd. (Lot No. 48, Phase 5, Shuo Fang Industrial Park, New District, Jiangsu Province, 214142 Wuxi City, China)	2015 ж.10 маусым № ДЗВР-154конф/AD16
5. Shanghai Hilong Drill Pipe Co., Ltd. (No. 1825-1, Luodong Road, Baoshan District, Shanghai, China)	2015 ж. 15 маусым № ДЗВР-157конф/AD16

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 101 шешіміне
№ 4 ҚОСЫМША
(нысан)

Өндірушінің сертификаты

--	--

1. Міндеттеме қабылдаған өндіруші (атауы, мекенжайы)		2. Сертификаттың рет нөмірі және берілген күні		
3. Экспорттаушы (атауы, мекенжайы)		ӨНДІРУШІНІҢ СЕРТИФИКАТЫ		
		4. Межелі елі		
5. Импорттаушы – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің резиденті (атауы, орналасқан жері)		6. Инвойс (нөмері, күні)		
		7. ЕАЭО СЭҚ ТН коды	8. Көлік құралының нөмірі	
9. Тауар туралы мәлімет				
Рет №	Тауарды сипаттау, басқа да ескертулер (міндеттемелерге сәйкес тауардың алуан түрлілігі көрсетіледі)	Нетто салмағы (тонна)	Бағасы (АҚШ доллары)	Құны (АҚШ доллары)
10. Мен, төменде қол қоюшы, осы сертификаттың 9-тармағында көрсетілген тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспорттау мақсатында сату қабылданған міндеттемелер сақтала отырып жасалғанын растаймын. Мен осы сертификатта баяндалған ақпараттың толық және дәл болып табылатынын растаймын. _____ (күні) Қолы _____ Тегі, аты, лауазымы _____ (М.О.) Берілген күнінен бастап күнтізбелік 90 күн ішінде жарамды				

Ескерту:

Сертификаттың 1 және 3-тармақтары ағылшын тілінде толтырылады.
Сертификаттың қалған тармақтары орыс тілінде толтырылады.

Сертификаттың 4-тармағында межелі ел Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін әлем елдерінің сыныптамаcына сәйкес көрсетіледі.

Сертификаттың 6-тармағында міндеттемеде көзделген сату схемасына сәйкес тауарды бірінші тәуелсіз сатып алушының мекенжайына қойылған инвойстың күні мен нөмірі көрсетіледі.

Сертификаттың 8-тармағында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауар әкелуді жүзеге асыратын көлік құралының тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Сертификаттың 9-тармағында міндеттемеде көзделген сату схемасына сәйкес тауарды бірінші тәуелсіз сатып алушының нақты төлеген немесе төлеуге жататын тауардың тоннасы мен құны үшін тауар бағасы цифрлармен көрсетіледі.

Сертификаттың түпнұсқасы тауарды кедендік декларациялау кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа тиісті мүше мемлекеттің кеден органына ұсынылады. Кеден органы кедендік декларацияны тіркегеннен кейін өндірушінің сертификатын ұсынуға жол берілмейді.

Сертификатқа түзету және (немесе) толықтыру енгізу қате ақпаратты сызу және түзетілген мәліметтерді басу немесе қолмен енгізу арқылы жүргізіледі, ол өндірушінің мөрімен расталады. Өндірушінің сертификатында белгіленген тәртіпте расталмаған тазартудың, сондай-ақ түзетудің және (немесе) толықтырудың болуына жол берілмейді.

Сертификат соның ішінде мынадай жағдайларда:

сертификаттың қолданылу мерзімі біткенде;

сертификатта көрсетілген мәліметтер кедендік декларацияда мәлімделгендерге сәйкес келмегенде және (немесе) тауарға бір мәнді сәйкестендіру жүргізуге мүмкіндік бермегенде;

ұсынылған сертификатта белгіленген тәртіпте расталмаған тазарту және (немесе) түзету және (немесе) толықтыру болғанда;

сертификатқа қойылған қол және (немесе) мөр кеден органының қолында бар қол қою үлгісіне және (немесе) мөрдің бедеріне сәйкес келмесе жарамсыз деп танылады.